



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 25 қаңтар

### "Астана Банкі" АҚ-тың салымшыларына өтемақы төлеу туралы

Кепілдік төлемдердің басталуына байланысты «Астана Банкі» АҚ-тың тарату комиссиясы Банк салымшылары – жеке тұлғалар «Еуразиялық Банк» АҚ-тың (агент банк) [www.eubank.kz](http://www.eubank.kz) сайтында төлем сомасын дербес тексере алатынын хабарлайды.

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Астана Банкі» АҚ-тың тарату комиссиясы сот шешімі заңды күшіне енген күнге теңгенің шетел валютасына нарықтық айырбастау бағамын, салымдар бойынша сыйақыны есептеу мен капиталдандыруды, депозиттердегі, оның ішінде шоттардағы және төлем карточкаларындағы ақшаны өзара есепке алуды, кредиттер, өсімпұлдар, айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және комиссиялар бойынша салымшылардың банк алдындағы ақшалай міндеттемелерін, сондай-ақ банк лицензиясынан айырғаннан кейін түскен ақшаны салымшылардың шоттарына есепке жатқызуды ескере отырып «Астана Банкі» АҚ-тың әрбір салымшысы алдындағы міндеттемелер тізілімін қалыптастыратынына салымшылардың назарын аударған жөн.

«Астана Банкі» АҚ салымшылары агент банктің кассасында ақшаны қолма-қол ақшамен немесе өтініште көрсетілген банк шотына аудару арқылы алу мүмкіндігі болатыны туралы хабарлаймыз. Агент банктің салымшылар үшін басымдық бегілеуге немесе өтемақы алу тәсілін еркін таңдауға кедергі келтіруге құқығы жоқ.

Өтемақы «Астана Банкі» АҚ-тың әр салымшысына өтініш негізінде кез келген филиалда немесе «Еуразиялық банк» АҚ агент банкінің бөлімшесінде төленеді. Барлық төлем теңгемен ғана төленеді. Шетел валютасындағы салымдар бойынша өтемақы банкті **мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күні валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша есептеледі.**

Шетел валютасындағы депозиттер бойынша өтемақы сомасын есептеу үшін «Астана Банкі» АҚ-та **2019 жылғы 9 қаңтардағы валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы қолданылады,** атап айтқанда, АҚШ долларындағы депозиттер бойынша – 373,66, еуроодағы депозиттер бойынша – 427,80, Ресей рубліндегі депозиттер бойынша – 5,57, фунт стерлингіндегі депозиттер бойынша – 476,90.

Кепілдік берілетін сомадан асатын депозиттері мен есептелген сыйақы бойынша талаптары бар салымшылар агент банкте өтемақы алумен қатар, даулы мәселелері (салымшылар тізілімінде болмауы) бойынша **ағымдағы жылғы 18 қаңтардан 18 наурызға дейін** «Астана Банкі» АҚ тарату комиссиясына мына мекенжайлар бойынша талап қоюға құқылы:

- Алматы қ., Көктем-2 ш/а, 22-үй, тел.: 8 (727) 259-60-60;
- Астана қ., Б. Момышұлы даңғ., 14, ЖҮ 8, тел.: 8 777 154 88 79;
- Ақтау қ., 4 ш/а, 73-ғимарат, тел.: 8 (7292) 70-10-25 (ішкі 15012, 15001);
- Ақтөбе қ., Саңқыбай батыр даңғ., 249, тел.: 8 (7132) 70-47-89, 70-47-62;
- Атырау қ., Сәтбаев к-сі, 19, тел.: 8 (7122) 55-80-21;
- Өскемен қ., Орджоникидзе, 35, тел.: (7232) 56-09-96;

- Қарағанды қ., Степной 2 ш/а, 6/1, тел.: 8 (7212) 55-99-01 (ішкі 16003, 16020, 16018);
- Павлодар қ., Киров к-сі, 115/1, 33, тел.: 8(7182) 70-39-97 (ішкі 17031, 17045);
- Шымкент қ., Д. Қонаев к-сі, 13 (тел: 8 (7252) 99-71-80).

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)